



For all kinds of music

Awei Y116 Портативті аудиоойнатқышы

Пайдаланушы нұсқаулығы

Құрметті сатып алушы!

Сізге «Awei» сауда маркасымен шығарылатын өнімді таңдағыныңыз үшін алғыс білдіреміз. Біз Сізге сапаға, функционалдылыққа және дизайнға қойылатын жоғары талаптарға сәйкес әзірленіп жасалған бұйымдар мен құрылғыларды ұсынуға қуаныштымыз. Құрылғыны пайдаланар алдында осы нұсқаулықты мұқият оқып шығыңыз, онда Сіздің қауіпсіздігіңізге қатысты маңызды ақпарат, сондай-ақ өнімді дұрыс пайдалану және оны күтіп ұстау бойынша ұсынымдар берілген. Осы нұсқаулықты сақтап қойыңыз және бұйымды әрі қарай пайдалану кезінде оны анықтамалық материал ретінде пайдаланыңыз.

Құрылғының арналуы

Портативті аудиоойнатқыш музыканы ойнатуға, оның ішінде желілік розеткаға қолжетімділігі жоқ орындарда ойнатуға арналған.

1

Сақтық шаралары


- Құрылғын ашық от жанына қоймаңыз.
- Құрылғының су бар ыдыстардың, су қоймаларының және т.б. жанына орналастырмаңыз.
- Құрылғыны тікелей күн сәулесінің, төтенше температуралардың әсеріне ұшыратпаңыз.
- Құрылғыны су қолмен пайдаланбаңыз.
- Құрылғыны залалу үшін сұйық құралдарды немесе суды пайдаланбаңыз.
- Құрылғы тесіктерінің толық бітеліп қалуына жол бермеңіз.
- Құрылғының тесіктеріне бөтен заттарды салмаңыз.
- Құрылғыны бөлшектеуге және оның ішкі құрамдас бөліктеріне қалай да әсер етуге тырыспаңыз. Кез келген қызмет көрсетуді тек білікті мамандар ғана жүзеге асыруы тиіс.
- Қаптама элементтерін балаларға бермеңіз.
- Құрылғыны пайдаланар алдында осы нұсқаулықты мұқият оқып шығыңыз.
- Құрылғыны ересектердің бақылаусыз балалардың пайдалануына жол берілмейді.
- Құрылғы тек үйде, жеке пайдалануға арналған.
- Құрылғыны шашырандылардан және сұйықтықтардың кез келген әсерінен сақтаңыз.

Жиынтықталымы

- Портативті аудиоойнатқыш.
- USB кабель.
- Аудиокабель.
- Пайдаланушы нұсқаулығы.

2

Құрылғының схемасы



1. Ұзақ басу: құрылғыны қосу/сөндіру. Екі рет басу: TWS режиміне ауысу.
2. Жұмыс жарық индикаторы.
3. Зарядтау жарық индикаторы.
4. Ұзақ басу: келесі трек / түйіндескен Bluetooth - құрылғыдан ажыратылу. Қысқа басу: дыбыс қаттылығын ұлғайту.
5. Қысқа басу: ойнату/үзіліс/кіріс қоңырауды қабылдау. Ұзақ басу: кіріс қоңырауды қабылдамау. Екі рет басу: жауап қоңырау.
6. Ұзақ басу: алдыңғы трек / түйіндескен Bluetooth-құрылғыға қайта қосылу. Қысқа басу: дыбыс қаттылығын азайту.
7. Арылту батырмасы.
8. Зарядтау құрылғысына арналған ағытпа.
9. Микрофон.

3

Пайдалану

Bluetooth бойынша түйіндесу

- Портативті аудиоқұюйені қосыңыз, түйіндесу режимінде жарық индикаторы жыпылықтайтын болады.
- Мобильдік құрылғыдан (смартфон, планшет) Bluetooth қосып, қосылуға қолжетімді құрылғыларды іздеңіз.
- Пайда болған тізімнен Сіздің ойнатқышыңыздың моделінің атауын (Y116) тауып, қосылу үшін оны басыңыз. Экрандағы сыбырларды орындаңыз. Мобильдік құрылғымен сәтті түйіскен кезде аудиоқұюйенің жарық индикаторы жыпылықтамай жанады.
- Құрылғының өзіндегі батырмалар көмегімен ойнатуды басқарыңыз.
- Кейінгі қосылулар кезінде аудиоқұюйе автоматты түрде соңғы қосылған құрылғыны іздейтін болады. Мұндай құрылғы анықталмаған жағдайда, аудиоқұюйе түйіндесу режиміне өтеді.

Сигнал көзіне сызықтық қосылу

Құрылғыны сигнал көзіне жиынтықта бірге келетін кабель көмегімен қосыңыз, файлдарды ойнату автоматты түрде басталады. Құрылғы-көзде ойнатуды басқарыңыз. «AUX» ойнату режиміне қолмен өту үшін қуат батырмасын басыңыз. Құрылғы-көзде ойнатуды басқарыңыз.

4

Пайдалану

TWS функциясы

TWS (True Wireless Stereo) технологиясы стереодыбыс әсері бар екі арналық сымсыз жұйе құру үшін Bluetooth бойынша түйіндескен екі бағананы пайдалануға мүмкіндік береді. 1. TWS-қосылым жасау үшін екі бағананы Bluetooth сигналының қамту диапазонында орналастырыңыз. Осы сәтте смартфонңызға, планшетіңізге құрылғының екеуі де қосылып тұрмағанына көз жеткізіңіз. 2. Ойнатқыштардың екеуін де қосыңыз. Құрылғылардың бірінде қуат батырмасын екі рет басыңыз, дыбыс сигналы шығады. Жұптағы екінші құрылғы қысқа дыбыс сигналын шығарған кезде, TWS-қосылым сәтті орнатылатын болады. Мұндай сигнал дыбысы шықпаса, екінші құрылғыда қуат батырмасын екі рет басыңыз. 3. Сіздің смартфонңызда/планшетіңізде қосылуға қолжетімді Bluetooth құрылғылары тізімінен осы аудиоқұюйені табыңыз. 4. Құрылғы-көзде ойнатуды басқарыңыз. 5. TWS құрылғылары жұбын үзу үшін ойнатқыштың екеуін де сөндіріңіз.

Назар аударыңыз: басқа өндірушілердің бағаналарын пайдаланған кезде TWS функциясы қолжетімді болмауы мүмкін.

5

Пайдалану

Құрылғыны зарядтау

1. Жиынтықтағы зарядтау кабелі көмегімен құрылғыны желілік адаптерге немесе ДК портына қосыңыз.
2. Зарядтау кезінде жарық индикаторы қызылмен жанады, ал зарядтау процесі аяқталғаннан кейін — өшеді.
3. Аккумулятордың жұмыс уақыты дыбыс қаттылығына және ойнату режиміне қарай әртүрлі болуы мүмкін.

Ескерту: батарея зарядының деңгейі төмен болған кезде құрылғы әр 5 минут сайын дыбыс сигналын шығаратын болады, үш дыбыс сигналынан кейін құрылғы автоматты түрде сөндіріледі.

6

Техникалық сипаттамалары

- Модель: Y116.
- Bluetooth нұсқасы: 5.0 + BR + EDR + BLE.
- Ойнату режимі: Bluetooth.
- Кең жолақты динамиктің диаметрі: 45 мм.
- Кедергі: 4 Ом.
- Динамиктің ең жоғары синусоидтік қуаты: RMS 7 Вт.
- Шығыс қуаты: 5 Вт.
- Зарядтау кезіндегі кернеу: 5 В / 1000 mA.
- Сезімталдығы: ≥ 80 дБ.
- Сызықтық емес бұрмалану коэффициенті: ≤ 10 %.
- Ойнатылатын жиіліктер диапазоны: 120 Гц — 15 кгц.
- Батарея сыйымдылығы: 1800 mA•caғ, 3,5 В — 4,2 В.
- Үздіксіз жұмыс уақыты: шамамен 6—8 сағ.
- Толық зарядтау уақыты: шамамен 4 сағ.
- Bluetooth қамту алыстығы: шамамен 15 м.

7

Монтаждау, сақтау, тасу (тасымалдау), өткізу және кәдеге жарату ережелері мен шарттары

- Құрылғы қандай да бір монтаждауды немесе тұрақты бекітіп қояуды қажет етпейді.
- Құрылғы дайындаушы мен тұтынушының жылытатын үй-жайларында 5 °C-тан 40 °C қа дейінгі ауа температурасында және 80%-тен аспайтын салыстырмалы ауа ылғалдылығында қаптамада сақталуы тиіс. Үй-жайларда коррозияны тудыратын жемір қоспалар (қышқылдардың, сілтілердің булары) болмауы тиіс.
- Құрылғы құрғақ ортада тасымалдануы тиіс.
- Құрылғы ұқыпты ұстауды қажет етеді, оны шаң, лас, соңдық, ылғал, от және т.б. әсерінен сақтаңыз.
- Құрылғыны өткізу ҚР қолданыстағы заңнамасына сәйкес жүзеге асырылуы тиіс.
- Бұйымның қызмет мерзімі аяқталғаннан кейін оны кәдімгі тұрмыстық қоқыспен бірге тастауға болмайды. Оның орнына ол мемлекеттік немесе жергілікті заңнамаға сәйкес кейіннен қайта өңдеу және кәдеге жарату үшін тиісті электр және электрондық жабдықты қабылдау орнына кәдеге жаратуға тапсырылуға тиіс. Осы өнімнің кәдеге дұрыс жаратылуын қамтамасыз етіп, сіз табиғи ресурстарды сақтауға көмектесесіз және дұрыс қолданылмаған жағдайда қоршаған ортаға және адамдардың денсаулығына келтірілуі мүмкін залалдың алдын аласыз. Осы өнімді қабылдау және кәдеге жарату пункттері туралы толығырақ ақпаратты жергілікті муниципалдық органдардан немесе тұрмыстық қоқысты шығаратын кәсіпорынан білуге болады.
- Құрылғының ақаулығы анықталған жағдайда дереу авторландырылған сервистік орталығына хабарласу немесе құрылғыны кәдеге жарату қажет.

8

Қосымша ақпарат

Өндіруші: Шэньчжэнь Яле Электроникс Ко., Лтд. 4/F, ғим. 2, Юэцинътай өнеркәсіптік паркі, Хуажун тас жолы, Далан көш., Лунхуа жаңа ауданы, Шэньчжэнь қаласы, Қытай.

Импорттаушы / Қазақстан шағымдар қабылдайтын заңды тұлға: «DNS KAZAKHSTAN» ЖШС, Нұр-Сұлтан қ., Сарыарқа даңғ., 12-үй, 301С-кеңсе, Қазақстан. Қытайда жасалған.

Тауар Кеден Одағының КО ТР 020/2011 «Техникалық құралдардың электромагниттік үйлесімділігі» техникалық регламентінің талаптарына сәйкес келеді.

Тауар Еразиялық экономикалық одақтың ЕАЭО ТР 037/2016 «Электр техникасы және радио электроника бұйымдарында қауіпті заттардың қолданылуын шектеу туралы» техникалық регламентінің талаптарына сәйкес келеді. Бұйымның сыртқы түрі және оның анықтамалары алдын ала хабар алусыз өзгерістерге ұшырауы мүмкін. Құрылғының жиынтықталымы алдын ала хабарлаусыз өзгеруі мүмкін.



Интернеттегі адрес: www.awei.hk
twitter : <https://www.twitter.com/aweiearphone>
facebook : <https://www.facebook.com/aweiproducs>
instagram : <http://www.instagram.com/aweiearphone>

9

Кепілдік міндеттемелері

Өндіруші бүкіл кепілдік мерзімі ішінде құрылғының үздіксіз жұмыс істейтініне, сондай-ақ материалдар мен құрастырылған ақаулар болмайтынына кепілдік береді. Кепілдік мерзімі бұйымды сатып алған сәттен бастап есептеледі және тек жаңа өнімдерге ғана қолданылады. Кепілдік қызмет көрсетуге пайдаланушы нұсқаулығының шарттарына сәйкес пайдаланылған бұйымның кепілдік мерзімі ішінде тұтынушының кінәсінен тыс істен шыққан элементтерін уәкілетті сервис орталықтарының аумағында тегін жөндеу немесе ауыстыру кіреді. Элементтерді жөндеу немесе ауыстыру уәкілетті сервис орталықтарының аумағында жүргізіледі.

Сервис орталықтарының өзекті тізімі мына адрес бойынша: <https://www.dns-shop.ru/technical-support/>

Кепілдік мерзімі: 12 ай.
Пайдалану мерзімі: 24 ай.

10

AWEI кепілдік талоны



Модель No.	Штрих-код		
Сатып алушы	Тел.		
Мекенжай			
Сатушы	Тел.		
Мекенжай			
Сатып алу күні	Техникалық қызмет көрсету күні		
Ақаулық	Қызмет көрсету уақыты		
Жазбалар			

11

Тауар жасап шығарылған (aa.жжжжж): _____ v.1